# ДОГОВОР О СОТРУДНИЧЕСТВЕ
## между РГКП «Рудненский индустриальный институт» и ГОУ ВПО «УГТУ-УПИ имени первого Президента России Б.Н. Ельцина»

Республиканское государственное казенное предприятие «Рудненский индустриальный институт» в лице ректора, профессора Т.Т. Жунусова, действующего на основании Устава, с одной стороны, и Государственное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Уральский государственный технический университет - УПИ имени первого Президента России Б.Н. Ельцина» в лице ректора, профессора А.И. Матерна, действующего на основании Устава, с другой стороны, именуемые в дальнейшем Стороны, заключили настоящий договор о нижеследующем:

### 1. Предмет договора

**1.1.** Стороны признают, что их научный, учебно-методический и материально-технический потенциал позволяет им путем объединения усилий, установить долгосрочное и взаимовыгодное сотрудничество путем организации совместной деятельности по основным направлениями:

- совершенствование учебной и учебно-методической деятельности;
- сотрудничество в научной, научно-педагогической и научно-производственной деятельности;
- организация повышения квалификации преподавателей, включая обмен ведущими преподавателями;
- подготовка научно-педагогических кадров через докторантуру, аспирантуру, различные формы соискательств, магистратуру в вузах-партнерах;
- межбиблиотечное сотрудничество.

**1.2.** С целью совершенствования учебной и учебно-методической деятельности стороны осуществляют:

- обмен преподавателями для чтения лекционных курсов (в том числе – дистанционно);
- координацию работ по созданию новых учебных программ;
- взаимное рецензирование курсовых и дипломных работ, методических разработок, учебных пособий;
- привлечение для руководства курсовыми и дипломными работами и проектами ведущих преподавателей обоих вузов;
- привлечение профессорско-преподавательского состава и студентов к участию в работе семинаров и конференций, проводимых на базе вузов- партнеров;
- совместное использование фондов электронных библиотек;
- координация работ по созданию программ для учебного процесса. Создание базы данных по методическому обеспечению рабочих программ курсов, в том числе и с использованием дистанционных технологий в обучении;
- проведение учебно-производственных и других видов студенческих практик на условиях взаимообмена, а также на условиях долевого финансирования и материального обеспечения;

**1.3.** Научная и научно-педагогическая деятельность сторон предусматривает:

- организацию совместных научно-исследовательских лабораторий и временных научно-исследовательских коллективов для реализации различных исследовательских проектов;
- обмен преподавателями, аспирантами, соискателями ученых степеней и магистрантами с краткосрочными и долгосрочными научными стажировками и визитами;
- совместное проведение научно-исследовательских работ, конференций, семинаров и других форм общения ученых и педагогов;
- публикацию совместных монографий, учебников, учебных пособий, сборников и научных работ и других учебно-методических материалов;
- привлечение ведущих преподавателей обоих вузов для научного руководства аспирантами в вузе-партнере.

**1.4.** Повышение квалификации профессорско-преподавательского состава и научных сотрудников проводится сторонами в виде:

- прохождения стажировок преподавателями на кафедрах и в научных лабораториях вузов-партнеров;
- прохождения курсов повышения квалификации профессорско-преподавательского состава в вузах-партнерах;
- чтения магистрантам, аспирантам и соискателям спецкурсов ведущими специалистами обоих вузов;
- формирования общих групп студентов и профессорско-преподавательского состава для зарубежных командировок,

**1.5.** В издательской деятельности стороны осуществляют совместный выпуск сборников научных трудов, а также предоставляют возможность публикации научных трудов аспирантов, магистрантов, преподавателей и других сотрудников в периодических или иных научных изданиях каждого ВУЗа.

## 2. Срок действия договора

Срок действия договора устанавливается на 5 лет. Договор вступает в силу с момента его подписания сторонами. В случае если ни одна из сторон не заявит о желании расторгнуть договор за один месяц до истечения его срока, договор считается продленным на тот же срок. Досрочное расторжение договора возможно по желанию любой из сторон или в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения.

## 5. Прочие условия договора

**3.2.** Условия настоящего договора могут быть изменены по взаимному согласию Сторон с обязательным составлением единого письменного документа.

**3.2**. Споры, возникающие при исполнении настоящего соглашения, разрешаются путем переговоров.

**3.3.** Настоящий договор составлен в 2-х экземплярах (по одному каждой из Сторон) на русском языке, имеющих равную юридическую силу.

**3.4.** Содержание, сроки проведения, формы и финансовые взаимоотношения сторон при использовании конкретных совместных проектов и программ оформляются двусторонними протоколами, являющимися неотъемлемой частью данного договора, или отдельными договорами.

## 6. Реквизиты и подписи сторон

РГКП «Рудненский индустриальный институт»
Республика Казахстан, 111500, г. Рудный, ул. 50 лет Октября, 38

Ректор
_______________ /Т.Т. Жунусов/
(подпись)
« 27 » 02 200 9 г.
М.П.

ГОУ ВПО «УГТУ-УПИ имени первого Президента России Б.Н.Ельцина»
Российская Федерация, 620002, г. Екатеринбург, К-2, ул.Мира, 19.

Ректор
_______________ /А.И. Матерн/
(подпись)
« 27 » 02 200 9 г.
М.П.

## «Рудный индустриалдық институты» РМҚК мен «Ресейдің бірінші Президенті Б.Н. Ельцин атындағы ОМТУ-ОПИ» КЖБ МБМ арасындағы ынтымақтастық туралы ШАРТ

«Рудный индустриалдық институты» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын атынан ректор, профессор Т.Т. Жүнісов қолданыстағы Жарғы негізінде бір жақтан әрекет ететін және «Ресейдің бірінші Президенті Б.Н. Ельцин атындағы Орал мемлекеттік техникалық университет – ОПИ» Кәсіби жоғары білімнің мемлекеттік білім мекемесі атынан ректор, профессор А.И. Материн қолданыстағы Жарғы негізінде екінші жақтан төмендегі мәселелер туралы осы шартты жасады:

### 1. Шарттың мәні

**1.1.** Тараптар өздерінің ғылыми, оқу-әдістемелік және материалдық техникалық әлеуеті күштерін біріктіру арқасында негізгі бағыттар:

- оқу және оқу-әдістемелік қызметті жетілдіру;
- ғылыми, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-өндірістік қызметтегі ынтымақтастық;
- жетекші оқытушылармен алмасуды қоса оқытушылардың біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыру;
- докторантура, аспирантура, әртүрлі бірлесіп іздену нысандары, әріптес жоо магистратура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;
- кітапханааралық ынтымақтастық бойынша бірлескен қызметті ұйымдастыру жолымен ұзақ уақыттық және өзара табысты ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік беретінін мойындайды:

**1.2.** Оқу, оқу-әдістемелік қызметті жетілдіру мақсатында тараптар:

- дәрістік курстарды оқу үшін оқытушылармен алмасу (сонымен қатар – қашықтықтан);
- жаңа оқу бағдарламаларын құрастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- курстық және дипломдық жұмыстарды, әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын бірлесіп пікір сараптамалау;
- курстық және дипломдық жұмыстар және жобаларға басшылық ету үшін екі жоо-ның жетекші оқытушыларын тарту;
- профессорлық оқытушылық құрам және студенттерді әріптес-оқу орны негізінде өткізілетін семинарлар және конференция жұмысына қатысуға тарту;
- электронды кітапханалар қорын бірлесіп пайдалану;
- оқу үрдісі үшін бағдарламалар құрастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру. Курстардың жұмыс бағдарламасын қашықтықтан оқыту технологияларының пайдаланылуымен әдістемелік қамтамасыз ету үшін мәліметтер базасын құру;
- алмасу шартымен, сондай-ақ үлестік қаржыландыру және материалдық қамтамасыз ету шартымен оқу-өндірістік және басқа да студенттік іс-тәжірибелерді өткізуді жүзеге асырады.

**1.3.** Тараптардың ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметі:

- әртүрлі зерттеу жобаларын іске асыру үшін бірлескен ғылыми-зерттеу зертханаларын және уақытша ғылыми-зерттеу ұжымдарын ұйымдастыру;
- қысқа және ұзақ мерзімді машықтандыру және сапарлар арқылы оқытушылар, аспиранттар, ғылыми дәреже ізденушілер және магистранттармен алмасу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары, конференциялар, семинарлар және ғалымдар мен педагогтардың басқа да қатынас нысандарын өткізу;
- бірлескен монографиялар, оқулықтар, оқу құралдарын, жинақтар және ғылыми жұмыстар және басқа оқу-әдістемелік материалдарды басып шығару;
- әріптес-оқу орнында аспиранттарға ғылыми жетекшілік ету үшін екі жоо-ның жетекші оқытушыларын тарту.

**1.4.** Профессорлық оқытушылық құрам және ғылыми қызметкерлер біліктілігін жетілдіруді тараптар келесі түрде өткізеді:

- оқытушылар әріптес-оқу орнының кафедралары және зертханаларында машықтанудан өту;
- профессорлық оқытушылық құрамның әріптес-оқу орында біліктілігін жетілдіру

курстарынан өту;

- магистранттар, аспиранттар және ізденушілерге екі жоо жетекші мамандарымен арнайы курстар оқу;
- шетелдік іссапарлар үшін студенттер және профессорлық оқытушылық құрамнан жалпы топ қалыптастыру.

**1.5.** Баспа қызметінде тараптар ғылыми еңбектер жинақтарын бірлесіп шығарады, сондай-ақ аспиранттар, магистранттар, оқытушылар және басқа қызметкерлердің ғылыми еңбектерін мерзімді немесе әр ЖОО-ның ғылыми баспаларында шығаруға мүмкіндік береді.

## 2. Шарттың әрекет ету мерзімі

Шарттың әрекет ету мерзімі 5 жылға белгіленеді. Шарт тараптар қол қойғаннан бастап күшіне енеді. Егер тараптар шарттың аяқталуына бір ай қалғанға дейінгі мерзімде шартты бұзу туралы тілек білдірмеген жағдайда, шарт сол мерзімге қайта ұзартылды деп есептеледі. Шарт кез-келген тараптың тілегі бойынша немесе орындалмаған жағдайда яғни дұрыс орындалмаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

## 3. Шарттың басқа ережелері

**3.1.** Осы шарттың ережелері міндетті түрде бірыңғай жазба құжат жасалып Тараптардың өзара келісімі негізінде өзгертілуі мүмкін.

**3.2.** Осы келісімнің орындалуында пайда болатын тартыстар келіссөздер арқылы шешіледі.

**3.3.** Осы шарт 2 данада (әр тарап үшін біреуден) тең заңды күшке не, орыс және қазақ тілдерінде жасалды.

**3.4.** Мазмұны, өткізу мерзімі, нысандары және тараптардың өзара қатынасы нақты бірлескен жобаларды және бағдарламаларды пайдалануда, осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын екіжақты хаттамалармен, немесе бөлек шарттармен ресімделеді.

## 4. Тараптардың деректемелері және қолдары

«Рудный индустриалдық институты» РМҚК
Қазақстан Республикасы, 111500, Рудный қ., 50 лет Октября к-сі, 38

Ректор

______________ /Т.Т. Жүнісов/
(қолы)
«__27__» ___02___ 200_9_ ж.

М.О.

«Ресейдің бірінші Президенті Б.Н. Ельцин атындағы ОМТУ-ОПИ» КЖБ МБМ
Ресей Федерациясы, 620002, Екатеринбург қ., К-2, Мир к-сі, 19.

Ректор

______________ /А.И. Материн/
(қолы)
«__27__» ___02___ 200_9_ ж.

М.О.